

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**6B04105 «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
білім беру бағдарламасының
1 курс студенттері үшін арналған оқу тәжірибе
БАҒДАРЛАМАСЫ**


ҚАРАҒАНДЫ - 2024

Оқу тәжірибе бағдарламасын ЭТ және МЖБ кафедрасының меңгерушісі PhD, доцент Ставбуник Е.А. және PhD, доцент Спанова Б.К. құрастырды.

«МЖБ» ББ академиялық комитетінің отырысында талқыланып, мақұлданды

«24» мамыр 2024 ж.

PhD, доцент



Хаттама № 2

Е.А. Ставбуник

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер
2. Оқу іс-тәжірибе мақсаты мен міндеттері
3. Оқу іс-тәжірибе объектісі мен өту орыны
4. Оқу іс-тәжірибені ұйымдастыру
5. Оқу іс-тәжірибе мазмұны
6. Есеп құрастыру бойынша әдістемелік нұсқау
7. Оқу іс-тәжірибені қорытындылау

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. 27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

5. Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

2. ОҚУ ТӘЖІРИБЕ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазіргі жағдайда мемлекеттік басқару екі компоненттің синтезіне негізделуі керек-теориялық дайындық, бұл басқарушылық қызметтің барлық аспектілері бойынша іргелі білімнің жиынтығы және мамандық бойынша практикалық дайындық кезінде алынған білім, білік және дағдылар жиынтығы, Мемлекеттік қызметке өзінің кәсіби қатыстылығын түсіну, бұған студенттің мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің жұмысына тікелей қатысуы арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Оқу практикасының мақсаты-нақты мемлекеттік ұйымдардың қызметін зерделеу негізінде арнайы пәндерді оқу кезінде алынған теориялық білімді қорыту және жүйелеу; таңдаған мамандығы бойынша бастапқы практикалық тәжірибе алу, болашақ мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дағдылары мен құзыреттерін практикалық дамыту.

Оқу практикасы процесінде студентті нақты жағдайларда барлық бағыттар бойынша кәсіби қызметке тікелей дайындау жүзеге асырылады.

Оқу практикасы теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады.

Оқу практикасының мақсаты оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту мен тереңдетуді қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттілікті игеру болып табылады. Зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, іскерлік хат-хабарларды жүргізу іскерлігін алу, "Мемлекеттік және жергілікті басқару"мамандығы бойынша практикалық дағдылар мен іскерліктер алу.

Оқу практикасының негізгі міндеттері:

- 1) ҚҚУ қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- 2) мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 3) болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;

4) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;

5) іскерлік хат-хабарды зерделеу және іс қағаздарын жүргізуді енгізу;

б) еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

б) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын меңгеру.

3. ОҚУ ІС-ТӘЖІРИБЕ ОБЪЕКТІСІ МЕН ӨТУ ОРЫНЫ

Оқу іс-тәжірибе өткізілетін базасы ретінде білім алушыларға ҚҚУ ұйымы болып табылады .

4. ОҚУ ІС-ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Студенттердің оқу іс-тәжірибеден өтуі барысын ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін экономикалық теория және МЖБ кафедрасы жүзеге асырады.

Іс-тәжірибе жетекшісі ретінде іс-тәжірибе ерекшелігін меңгерген және мамандық спецификасын жақсы білетін университеттің профессорлары, доценттері, тәжірибелі оқытушылары, тағайындалады.

Ұйымдастырушылық сұрақтар кафедра және іс-тәжірибе жетекшісінің қатысуымен өтетін жиналыста қарастырылады.

Студенттің практикадан өтуін ұйымдастыруды және бақылауды университеттің практика жетекшісі жүзеге асырады, оның функцияларына мыналар кіреді: ұйымдастырушылық мәселелерді шешу, ұйымдастырушылық іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету, практиканың мақсаты мен міндеттерін, жұмыс жоспарын-кестесін, бағдарламаны ұстауды, күнделіктің мақсаты мен толтырылу тәртібін, студент-практиканттың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ есептерді қорғауды қабылдау тәртібі.

Кафедрадан тағайындалған оқу іс-тәжірибе жетекшінің міндеті:

- практика басталғанға дейін студенттерді практикаға қажетті даярлауды ұйымдастыру, оқу практикасы бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізу;

- - оқу практикасына жіберілген кезде білім алушыға оқу практикасынан өткені туралы құжаттар беруге;

- - практика мерзімдерінің сақталуын және оның мазмұнын бақылауды жүзеге асыру, студенттерге практика бағдарламасын орындау кезінде әдістемелік көмек көрсету;

- білім алушының оқу практикасынан өткені туралы есебіне тексеру жүргізу.

Студенттің оқу іс-тәжірибеден өту кезіндегі міндеттері:

- практикалық бағдарламаны аяқтау;

- университетте қолданылатын ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;

- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария ережелерін зерделеу және қатаң сақтау;

- практика басшысына практикадан өткені туралы жазбаша есеп беру (Есептің титулдық парағы 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді).

5. ІС-ТӘЖІРИБЕ МАЗМҰНЫ

Оқу практикасының мерзімі жұмыс оқу университетіне сәйкес жасалады.

Практика бағдарламасының тақырыптық мазмұны

1. Кафедра меңгерушісімен қатысуымен өтетін сұхпатқа қатысу. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерімен танысу.
2. Кафедра бойынша іс-тәжірибе базасымен танысу
3. Өндірістік-іс тәжірибе келісім шартының құрылымымен танысу
4. Өз қызығушылығы туындаған іс-тәжірибе базасы бойынша өткен студенттердің іс-тәжірибе есебімен танысу
5. Студенттік ХҚО жұмысымен танысу
6. Халықаралық бағдарламалар, жобалар және академиялық мобильділік, ғылыми-оқыту орталығының қызметімен танысу
7. Тәжірибе күнделігін толтыру және есепті дайындау

6. ЕСЕПТІ ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Оқу іс-тәжірибе нәтижесін студент жазбаша есеп түрінде ұсынуы керек. Есеп іс-тәжірибеден өту жұмыс жоспар-графикі бойынша орындалуы керек.

Есептің көлемі 1 интервалдан №14 (Times New Roman) қаріппен басып шығарылған мәтіннің кемінде 8-10 беті болуы керек. Абзац шегінің мөлшері - 1 см. Есеп мәтіні келесі талаптарға сәйкес қатаң орындалады: мәтін А 4 стандартты парағының бір жағында жазылған болуы керек: оң жағында - 1 см, сол жағында - 3 см; жоғарғы жағында - 2 см, төменнен - 2,5 см, барлық беттер нөмірленіп, мазмұн кестесінде көрсетіледі. Әр бет нөмірленуі керек. Нөмір беттің ортасындағы төменгі бөлікте араб цифрларымен орналастырылады. Есептің титулдық бетін рәсімдеуі бойынша Үлгі 1.

Іс-тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылар есепті кафедраға тапсырады, өз кезегінде есеп Ф.КП-16.1-23 студенттердің өндірістік іс-тәжірибеден өту туралы Тіркеу журналында тіркеледі және кафедрадан тағайындалған жетекші тарапынан тексеріледі.

7. ІС-ТӘЖІРИБЕ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Студент іс-тәжірибе қорытындысы бойынша есеп тиісті кафедраға тапсырылады. Есеп жетекші тарапынан тексеріледі және кафедра меңгерушісінің тапсырмасымен құрылған комиссия алдында қорғалуы тиіс.

Тәжірибеден өтпеген, тәжірибе бағдарламасын орындамаған, жұмыс бойынша теріс пікір алған немесе ұйымнан тәжірибе жетекшісінен немесе есеп қорғағанда қанағаттанарлықсыз баға алған студент жазғы семестрға немесе қайта оқу курсына жіберіледі.

Есептің қорытындысы баллдық, әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады.

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА

Оқу практикадан өту
ЕСЕБІ
ОТЧЕТ
Прохождения учебной практики

Студент/студента _____
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

Практиканың өту орны/Место прохождения практики

(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Практиканың басталуы/начало практики _____

Практиканың аяқталуы/окончание практики _____

Есепті практика жетекшісі қарастырды/Отчет рассмотрен руководителем
практики от университета

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы/ Ф.И.О., должность, звание)

Есеп қорғалды/ Отчет защищен _____
(баға/оценка)

Қорытынды баға/Итоговая оценка _____
(баға/оценка)

Комиссия _____
(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

« ____ » _____ 20 ____ ж./г.